

ISSN 2710-1371

Қазақ тарихы

электронды журналы

Electronic journal of
Kazakh history

№ 2(182) 2024

«History and Culture» ЖШС

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ KAZAKH HISTORY

ЭЛЕКТРОНДЫ ЖУРНАЛЫ
№2 (182) 2024

ELECTRONIC JOURNAL
№2 (182) 2024

Құрылтай және баспагер:

«History and Culture» ЖШС. Алматы, Қазақстан.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпараттар мен архивтер комитетінің мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпараттық агенттікті есепке қою туралы 02.11. 2023 жылғы № KZ 38RBZ00041763 куәлігі берілген.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады
(наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан)

Founder and publisher:

"History and Culture" LLP, Almaty, Kazakhstan

Periodic press publication of the Information and Archives Committee of the Republic of Kazakhstan on communication and information and (but) on registration of information agencies 02.11. Certificate No. KZ 38RBZ00041763 dated 2023 was issued.

Published 4 times a year
(March, June, September, December)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ

Бас редактор – Жұматаев Ринат Серикович – Phd, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары – жауапты редактор

Ногайбаева Мендигүл Сағатовна – т.ғ.к., қауымд. профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры м.а. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Ангела Шоттенхаммер – тарихшы синолог, т.ғ.д., KU Leven университеті (Бельгия)

Бабакүмар Қинаятұлы – этнограф, т.ғ.к., Дебрецен университеті (Венгрия)

Эврим Олчер – этнограф, PhD, Қажы Байрам Вели университеті (Түркия)

Алтымышева Зухра Америкекуловна – тарихшы, Phd, «Манас» Кыргыз-Түрік университеті (Қырғызстан)

Байғабатова Назгуль Қажымуратовна – этнограф, т.ғ.к., I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті (Қазақстан)

Ақымбек Ералы – Phd, археолог. Ә. Марғұлан атындағы Археология институты (Қазақстан)

Кенжаева Наргиза Соатумуниновна – тарихшы, Phd, Шыршық мемлекеттік университетінің Репрессия құрбандарын еске сақтау музейі (Өзбекстан)

Ильясова Зибегүл Сулейменовна – тарихшы-шығыстанушы, т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-ның қауымдастырылған профессоры (Қазақстан)

Сайлаубай Ерлан Ерназарұлы – археолог, т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Елтану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры (Қазақстан)

Бесетаев Бауыржан – археолог. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан)

Намен Абай – Phd, археолог. Назарбаев университеті (Қазақстан)

Бабабеков Акбар Давурбаевич – Phd, этнограф. Ұлықбек мырза атындағы Өзбекстан ұлттық университеті (Өзбекстан)

Гурсой Музаффер – Phd, археолог. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан)

Жетпісбай Нұржан Ықсанұлы – Phd, тарихшы. III. III. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

EDITORIAL COUNCIL

Editor-in-chief – Zhumatayev Rinat – Phd, Al-Farabi Kazakh National University, Head of the Department of Archaeology, Ethnology and Museology (Kazakhstan)

Deputy editor-in-chief – executive editor – Nogaibayeva Mendigul – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Department of History of Kazakhstan (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Angela Schottenhammer – Full Professor of Chinese Middle Period & Early Modern World History at KU Leuven (Belgium)

Babakumar Kinayatuly – Ethnographer, Candidate of Historical Sciences, University of Debrecen (Hungary)

Evrin Ölçer Özünel – Ethnographer, PhD, Associate Professor, Ankara Haji Bayram Veli University (Türkiye)

Altymysheva Zuhra – Historian, Phd, Kyrgyz-Turkish "Manas" University (Kyrgyzstan)

Baigabatova Nazgul – Ethnographer, Candidate of Historical Sciences, Zhetisu University (Kazakhstan)

Akymbek Eraly – Phd, Archaeologist. Margulan Institute of Archeology (Kazakhstan)

Kenzhaeva Nargiza – Historian, PhD, Chirchik State Pedagogical University, Memorial Museum of Victims of Repression (Uzbekistan)

Ilyasova Zibagul – Historian-Orientalist, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Saylaubay Yerlan – Archaeologist, Candidate of Historical Sciences, Director of the Research Center "Eltanu" of Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Besetaev Baurzhan – Archaeologist, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Namen Abay – Phd, Archaeologist. Nazarbayev University (Kazakhstan)

Bababekov Akbar – Phd, ethnographer. National University of Uzbekistan (Uzbekistan)

Gursoi Muzaffer – Phd, Archaeologist. Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University. (Kazakhstan)

Zhetpisbai Nurzhan – Phd, Historian. Institute of History and Ethnology named after Sh.Sh. Ualikhanov. (Kazakhstan)

Журналда тарих ғылымының келесі бағыттары бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (ежелгі, ортағасырлар, жаңа және қазіргі заман), археология, деректану және тарихнама, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, ағылшын. 1993 жылдан бастап шығады

Scientific works are published in the journal in the following areas of historical science: history (ancient, medieval, new and modern), archeology, source studies and historiography, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, English. Founded in 1993.

Редакциямен баспаның мекен-жайы:
050040 Көктем-4 ы/а, 13-үй, 19 п.
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«History and Culture» ЖШС. Тел.: +77076787670.
e-mail: qazaqtarihy.journal@gmail.com
Журнал сайты: <https://journal.historyculture.kz/index.php/journals>

Address of the editorial office:
050040 microdistrict Koktem-2, no. 13, apt. 19.
Almaty, Republic of Kazakhstan

"History and Culture" LLP. Tel.: +77076787670.
e-mail: qazaqtarihy.journal@gmail.com
Journal site: <https://journal.historyculture.kz/index.php/journals>

**ЭТНОЛОГИЯ.
АНТРОПОЛОГИЯ**

**ETHNOLOGY.
ANTHROPOLOGY**

FTAXP/ IRSTI 04.41.21

<https://doi.org/10.62183/2024-2-2-55-61>**Нұргүл Ляпбаева**

Әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, қауым. профессор, Логистика және көлік академиясы,
Алматы қ., Қазақстан
e-mail: lyapbai-n@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ТАРИХИ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Аңдатпа. Бұл ғылыми мақалада 90-жылдардың бас кезінде Қазақстан өз тәуелсіздігін алып жаңа мемлекет ретінде қалыптаса бастаған кезеңдегі жаңа әлеуметтік құбылыс – кәсіпкерліктің қалыптасуының алғышарты болған әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалар туралы қарастырылады. Автор мақалада сол кезеңде жүргізілген реформалардың жетістіктері мен кемшіліктерін атап көрсетеді. Кәсіпкерлік – жаңа әлеуметтік институт, кәсіпкерліктің қалыптасуы біздің қоғамға көптеген өзгерістер алып келді. Жаңа әлеуметтік топтар мен жіктер пайда болды, қоғамның әлеуметтік құрылымы өзгеріске ұшырады. Әкімшіл-әміршіл жүйедегі экономиканың күйреуі, нарық элементтерінің пайда болуы бұрынғы қоғамдағы шаруашылық субъектілерінен әлдеқайда өзгеше, өзінің инновациялық мінез-құлқымен ерекшеленетін жаңа шаруашылық субъектілерін әкелген болатын. Қазіргі уақытта елімізде орта таптың бір жігі ретінде қалыптасқан кәсіпкерлер тобы қоғамның дамуы мен әлеуметтік-саяси тұрақтылыққа, әлеуметтік жіктелуге, әлеуметтік мобильдікке де өз әсерін тигізіп келеді. Нарықтық экономика мен демократиялық дамуға бағытталған Қазақстанның осыдан 30 жыл бұрынғы тарихи таңдауы қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік өмірінің барлық жақтарын реформалауға мүмкіндік берді.

Түйін сөздер: кәсіпкерлік, реформа, әлеуметтік-экономикалық реформалар, меншік, орта тап, кәсіпкер.

Сілтеме үшін: Ляпбаева Н. Қазақстанда кәсіпкерліктің қалыптасуының әлеуметтік-тарихи алғышарттары // Қазақ тарихы электронды ғылыми журналы. 2024. Т. 182. No 2. 55-610-бб. (ағылшын тілінде.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-2-2-55-61>

Nurgul Lyapbaeva

Candidate of social sciences, community. Professor, Academy of Logistics and Transport,
Almaty, Kazakhstan
e-mail: lyapbai-n@mail.ru

Socio-historical prerequisites of the formation of entrepreneurship in Kazakhstan

Abstract. This scientific article examines the issue of socio-economic and political reforms, which served as a prerequisite for the formation of entrepreneurship – a new social phenomenon in the early 1990s, when Kazakhstan began to gain independence and form as a new state. In the article, the author notes the achievements and shortcomings of the reforms carried out at that time. Entrepreneurship is a new social institution, the formation of entrepreneurship has led to numerous changes in our society. New social groups and strata appeared, the social structure of society changed. The collapse of the economy in the administrative and management system, the emergence of market elements led to new economic entities that differ in their innovative behavior than the economic entities of the former society. Currently, a group of entrepreneurs, formed in the country as one of the middle class groups, influences the development of society and socio-political stability, social classification, social mobility. The historical choice of Kazakhstan 30 years ago, aimed at a market economy and democratic development, made it possible to reform all aspects of the political, economic and social life of society.

Keywords: entrepreneurship, reform, socio-economic reforms, property, middle class, entrepreneur.

For citation: Lyapbaeva N. Socio-historical prerequisites of the formation of entrepreneurship in Kazakhstan // Electronic scientific journal "Kazakh history". 2024. Vol. 182. No. 2. Pp. 55-61 (In Eng.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-2-2-55-61>

Кіріспе

Кәсіпкерлік – әлеуметтік үдеріс, оған әлеуметтанулық талдау жасау, соңғы кездері өзекті мәселелердің біріне айналды. Әлеуметтану ғылымы қоғам жөніндегі ғылым ретінде қоғамның тұрақтылығы мен экономикалық тәуелсіздігінің нығаюына зор әсерін тигізетін әлеуметтік үдерістерге ерекше көңіл бөледі.

Қоғамымыздағы реформалау саясатының қол жеткізген қомақты табыстарының бірі – орта таптың қалыптаса бастауы. Бүгінгі таңда пайда болған кәсіпкерлер тобы осы қоғамды тұрақтандырушы – орта таптың бір жігі ретінде қалыптасып келеді. Сондықтан да қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының көптеген тұжырымдамаларында шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына баса назар аударылған, себебі, бұл үрдіс меншік иесін қалыптастырады.

Әкімшіл-әміршіл жүйедегі экономиканың күйреуі, жекелеген нарық элементтерінің пайда болуы – экономикалық өмірге бұрынғы шаруашылық субъектілерінен өзгеше, өзінің инновациялық мінез-құлқымен ерекшеленетін жаңа шаруашылық субъектілерін алып келді. Сонымен бірге, қоғамымызда “меншік иесі”, “кәсіпкер” деген жаңа әлеуметтік топ қалыптасты. Шаруашылықты жүргізудің жаңа формаларын қолданбай, тәуелсіз еліміздің экономикасын жандандыру, халқымыздың хал-ахуалын көтеру мүмкін емес еді. Сол себепті де Қазақстанда кәсіпкерліктің әлеуметтік мәртебесін көтеріп, оның қалыптасуының әлеуметтік-тарихи алғышарттарын талдаудың маңызы зор. Нақты айтқанда, жұмыссыздықты азайтуда, жалақы мен зейнетақыны уақтылы төлеуде, нарықты халыққа қажетті тауарлармен қамтамасыз етуде, халыққа қызмет көрсету аясын кеңейтуде, жеке өндірушілердің монополиясын шектеуде, тоқырауды бастан кешіріп отырған өңірлерді, ауыл мен селоны қалпына келтіруде шағын және орта кәсіпкерлік шешуші фактор болып табылады. Жұмыссыздық мәселесі республикамызда әсіресе әйелдер мен жастар арасында кең етек алып отырғаны белгілі. Сондықтан, ең алдымен осы мәселе төңірегінде кәсіпкерлік белсенділікті арттырудың маңыздылығы ерекше.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, қазіргі уақытта елімізде орта таптың бір жігі ретінде қалыптасып келе жатқан кәсіпкерлер тобы қоғамның дамуы мен әлеуметтік-саяси тұрақтылыққа, әлеуметтік стартификацияға, әлеуметтік және экономикалық мобильдікке де өз әсерін

тигізуде. Сондықтан да, кәсіпкерлік қызмет – қызметтің ерекше түрі ретінде әлеуметтік-экономикалық реформаны жүргізуде басты роль атқара отырып, адамдардың жаңа экономикалық мінез-құлқы мен қосуда.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеулер жүргізу барысында тарихи әдіс, салыстырмалы әдіс, нормативтік әдіс, әлеуметтанулық әдістер және жүйелік талдау әдістері қолданылды. Аталған зерттеу әдістері тақырып бойынша жинақталған деректер мен ақпараттарды бір жүйеге келтіріп, мәселенің мәнін ашуға мүмкіндік берді. Зерттеулер барысында тақырып бойынша әдебиеттерді талдау мен іріктеу, оларды сыни талдау мен терминдерді нақтылау, ақпараттарды бір жүйеге келтіру мен мәліметтерді салыстырмалы талдау жұмыстары жүзеге асырылды.

Қазіргі Қазақстан – бұл жаңа саяси және экономикалық жүйесі бар, дүниежүзі мойындаған егеменді мемлекет. Мұнда адамдық құндылықтардың ішінде бостандықты жоғары қоятын көптеген халық өкілдері бейбіт және тату өмір сүруде. Аса жоғары руханият пен ой-өріс жоғарылығы үйлесім тапқан адамдардың күш-қайраты өмірімізді батыл да түбегейлі қайта құруда шешуші фактор болып табылады.

Талқылау

Бүгінгі таңда біз өзіміздің нақты мұқтаж-дықтарымыз бен қажеттіліктерімізді және өз қабілеттерімізді ескере отырып, әлемдік нарық жүйесіне толығымен ендік. Тәуелсіздік алуымыздың нәтижесінде біздің отандастарымыз әлемге батыл қадам басып, ғалам құпиясына дендеп, ғарыш кемелеріне отырды.

Егеменді, тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстан Республикасы кең көлемді саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді жүзеге асырды. Әміршіл және тәуелді экономикадан нарықтық әрі тәуелсіз экономикаға өту үдерісі жүзеге асырылды. Меншікті мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру үрдісі іске асырылды. Ұлттық қаржы институттары, тұрақты қос деңгейлі банк жүйесі, тең құқықты меншік түрлері құрылып, жаңа таптар, әлеуметтік топтар қалыптасуда. Олар, өз кезегінде, адамдардың еңбекке деген қызығушылығы мен ынтасын көтерді.

Қазіргі кезде біздің елімізде мемлекет меншігінің негізгі бөлігі жекешелендірілген, өнім-

нің, қызметтердің 80%-дан астамын жеке сектор өндіреді, экономика көп салаға бөлініп, көпшілік халық психологиялық тұрғыдан нарыққа бейімделіп, жаңа кәсіп түрлерін меңгере бастады.

Нарықтық экономика және демократиялық дамуға бақытталған Қазақстанның осыдан 29 жыл бұрынғы тарихи таңдауы қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік өмірінің барлық жақтарын реформалауға толық мүмкіндік берді.

Саяси, әлеуметтік-экономикалық реформа – тарихи үдеріс. Сондықтан, қоғам мен билік тарих алдында бірдей жауапты. Экстенсивті даму кезеңінде кез келген социум патриотизмі оның өз мекен-орнын кеңейтуі арқылы көрініс тапса, интенсивті даму кезеңінде оны (мекен-ортасын) барынша тиімді дәрежеде игеруінен көрінсе керек. Ол үшін әрбір ұлт пен әрбір мемлекет қазіргі тіршілік-әрекетінің кез келген саласы бойынша бәсекеге түсе алатындай деңгейде болуға барынша тырысуы қажет. Бұған әрбір мемлекет қол жеткізе алады, егер оған әр азамат, мемлекеттің әрбір мүшесі ұмтылып, өз үлесін қосар болса. Реформа, кәсіпкерлік ізгілікті сипатқа ие болмайынша, өздеріне деген қызығушылық туғызатындай тартымдылық күшіне ие болмайынша және де сол мақсатқа жұмыс істемейінше. Бұл міндетті іске асыру да оңай емес.

Саяси, әлеуметтік-экономикалық реформа – мемлекетіміз бен халқымыз үшін маңызы зор басты мәселеге айналды, оның мақсаты – халықтың әл-ауқатын жақсарту мақсатында ұлттық экономика мен оның құрамдас бөліктерін іс жүзінде қайта құру, өзгерту болды. Бұдан шығатыны – біріншіден, бұл реформаларды жүргізу аясы тар, жекелік мақсат емес, ол тек көп түрлі әлеуметтік міндеттерді шешу тәсілі болуға тиіс. Сондықтан, экономикалық реформалар өз негізінде міндетті түрде әлеуметтік бағытта болуы қажет. Екіншіден, реформа деп біз кез келген өзгерістерді емес, тек ұлттық экономика немесе оның құрамдас бөліктерінің тиімділігін қамтамасыз ететін қомақты, күрделі қайта құрулар мен өзгерістерді түсінуіміз керек. Үшіншіден, реформалар жүргізу, ең алдымен мақсат-міндеттер ауқымын нақты белгілеуді және оларға қол жеткізудің ұтымды тәсілдерін табуды талап етеді: қазіргі Қазақстанда – бұл көптеген себептер жиынтығын туындатқан әділ қажеттілік. Ол себептердің бастысы – ұлттық экономика дамуын тұрақтандыру және халықтың басым бөлігінің күнкөріс, өмір-тіршіліктерінің күрт төмендеу қаупінің алдын алу.

Қазақстан мен КСРО-ның құрамында болған басқа республикалар да қазір экономиканы басқаруда бұрынғы бір орталыққа бағынған жоспарлау жүйесінен бас тартып, нарықтық қатынастарға өту бойынша әлеуметтік-экономикалық реформаны жүзеге асырды. Қазақстан Республикасы үшін елдегі өзгерістер үрдісі – бұл бүкіл өндірістік қатынастар жүйесін түбегейлі өзгерту үрдісі ғана емес, сонымен бірге, бүкіл-ләлемдік байланыстар жүйесіне кіру міндетін шешу, мемлекет тұтастығы мен экономикалық тәуелсіздікті қамтамасыз ету жолы болды. XX ғасырдың 80-жылдарына қарай нарықтық үлгідегі жүйені ұстанған елдер арасында бай мемлекеттер де, кедей мемлекеттер де болған болса, социалистік бағыттағы елдердің ешқайсысы да бай мемлекет дәрежесіне көтеріле алмады. Экономикалық бәсекелестікте Шығыс Германия Батыс Германиядан, Солтүстік Корея Оңтүстік Кореядан артта қалған болса, Польша, Чехословакия, Румыния, Болгария, Вьетнам өз экономикалық дамуында Германия, Англия, Франция, Италия және Жапониядан көп артта қалып қойды, ал КСРО АҚШ-тың экономикалық даму деңгейіне жете алмады. Осыдан келіп, нарық жүйесі қоғамның экономикалық дамуының ең басты шарты деген тұжырым жасауға болар болар еді [Казахстанская правда, 1996]

Экономист ғалым О.Сәбденнің атап, көрсеткеніндей, экономикалық реформа қоғамдық жарасымдылық, өткен кезеңнің жақсы жетістіктері мен үрдістерін сақтау, мемлекеттің қауіпсіздігін және халықтың барлық топтарының құқықтарын қамтамасыз етуге негізделген түбегейлі шаралардың біртұтас жүйесін қамтамасыз етеді [Сәбден, 1997.].

90-жылдардағы экономиканы ғаламдастырудың негізгі сипаттарының бірі – бір орталыққа бағынған жоспарлы экономика жүйесіне реформа жүргізіп, оның орнына даму мен биліктің демократиялық институттарының жаңа, нарықтық негіздерін құра бастаған елдердің халықаралық аренаға шыға бастауы болды. Бұл елдердің (бұрынғы КСРО республикалары, Шығыс Еуропа елдері және Қытай) қуатты демографиялық және экономикалық әлеуеті бар және олардың кейбіреуі өзгелерден бұрын өзгеріс кезеңін бастан өткереді деген болжам реформалық үрдістер жақын уақыттарда, негізінен әлемдік экономика сипатына өзгеріс енгізеді дегенге көзімізді жеткізе түсті [Оценка тенденций, 1993. 3].

Қазіргі таңда біздің еліміз – тәуелсіз, егеменді мемлекет. Бірқатар жаңа индустриялы мемле-

кеттерге қарағанда Қазақстан өзінің едәуір қуаты табиғи ресурстарымен ерекшеленеді.

Нәтижелер

Қазақстанның әлемдік экономикалық қауымдастық құрамына белсенді түрде кіруі жағдайындағы басты мақсат – мемлекеттің кешенді ұлттық күш-қуат деңгейін көтеру болып табылды, бұл дегеніміз, өз кезегіндегі Қазақстанның экономикалық дамуының ұлттық артықшылықтары мен осал тұстарын да бағалауға мүмкіндік берді. Ұлттық экономикамыздың болашақтағы бет-бейнесі мен беделі дайын өнім өндірісінің жоғары экспорттық бағыттылығымен айқындалады. Бұл бағдарды Қазақстан экономикалық реформалар барысында ұстанды.

Шығыс Еуропа, Латын Америкасы және Оңтүстік Азия елдеріндегі реформалар тәжірибесі көрсеткеніндей, экономикалық шешім қабылдауда бірауыздылық пен бірізділіктің болмауы экономикалық нәтижелердің үміт еткен деңгейге жетпей, күрт төмендеуіне алып келеді. Ең алдымен, бұл институционалды және құрылымдық реформа тетіктерінің бір мезгілде және бірге іске қосылмауымен байланысты. Реформалардың өзара бағыттылығы өте жоғары деңгейде болған жағдайда ғана экономикалық жетістік, экономикалық табыс кепілдігі болмақ. Биліктің тарапынан қабылданатын шешімдер тұрақты және қауіпсіз экономикалық дамуды үнемі бағдарда ұстауы қажет. Экономиканы тұрақтандыру мен экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үрдістері жаңа ғылыми бағдарлы (яғни, ғылыммен тығыз байланысы бар) салалардың, нарық тетіктері мен еркін бәсекелестіктің, экономиканың жеке секторының, сыртқы экономикалық байланыстардың дамуына жол ашып отыруы тиіс, солай болды да.

Алайда, реформалаудың қай елде қандай әдістері мен үлгілері орын алса да, оның негізгі экономикалық мақсаты – дамудың бәсекеге қабілеттілігі сияқты біртұтас және нақты көрсеткішке қол жеткізу болып табылады. Экономикалық бәсекеге қабілеттілік дегеніміз – мемлекеттің сыртқы орта мен ішкі нарық аясындағы іс жүзіндегі және қол жеткізуге боларлық күш-қуатының өзіндік көрінісі болып табылады.

Егеменді Қазақстан Республикасы – өзара тиімді жағдайларда дүниежүзінің барлық елдерімен дерлік ынтымақты қарым-қатынас жасауға ықыласты ашық еуразиялық мемлекет. Өзара мүдде есебі, өзара тиімділік, мақсатқа

сай қимыл, бірін-бірі өзара толықтырушылық, елдің қауіпсіздігі мен тұтастығына қол сұқпаушылық – міне, осылар мемлекетіміздің сыртқы саясатының мазмұнын құрайды. Қазақстан Республикасының мақсаты – қазіргі халықаралық қатынастардың барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, әлемдік қауымдастыққа барынша еніп, өзара үйлесім табу. Сондай-ақ, қалыптасқан сыртқы саясат стратегиясына сәйкес, еуразиялық кеңістікте байланыстырушы және біріктіруші роль атқарып тұрмақ. Қазақстан жекелей алғанда да ешқандай мемлекетті бөліп-жармай, алаламай қарым-қатынас жасайды.

Қазіргі кезде Қазақстан іс жүзінде әлемдік қауымдастықпен барлық барлық сала бойынша өркениетті қарым-қатынастарға қол жеткізіп отырған ашық қоғамға айналды. Көптеген елдермен тиімді серіктестік, жылы байланыстар орнатып, инвестициялар көлемі ұлғаюда. Сараптау нәтижесі бойынша, Орталық Азияға түскен барлық тікелей инвестициялардың 80%-ы Қазақстан экономикасының үлесіне тиеді екен. Дүниежүзілік банк біздің елімізді жоғары инвестициялар тарту бойынша алдыңғы қатардағы 20 мемлекеттің қатарына қосқан.

Ел экономикасы үлесіне тиетін шетелдік инвестициялар ішкі тауар нарығын тұрақтандыруға, экономика салаларын жаңғыртуға және құрылымдық тұрғыдан қайта құруға өз септігін тигізіп отыр. Шетел инвестицияларын макроэкономикалық реттеу капитал жұмсаудың нарықтық әдістерін күшейтуге, шетел инвестицияларының сенімді түрде құқықтық қамтамасыз етілуіне және оларды экономиканың жетекші салаларына тарту міндетіне негізделеді. Шетел капиталының ел экономикасын дамытудағы ролі әрқашан да айрықша.

Экономикалық-географиялық және әлеуметтік жағдайы мен иелігінде бүкіл ресурстардың бар екендігін ескерсек, Қазақстан – бірегей мемлекет, сол себепті оның экономикасында Шығыс, сондай-ақ Батыс мемлекеттерінің дамуының қазіргі іс жүзіндегі үлгілерінің аясы тарлық еткен болар еді. Экономикалық дамудың өзіндік үлгілерін анықтауда ұлттық экономиканың осындай ерекшеліктерін ескеру шетел экономикасының жат элементтерін енгізу әрекетіне қатысты жағдайларда орынсыз шығындар мен қиындықтардан құтылуға мүмкіндік береді.

Реформалар жүргізілетін барлық қоғамдарда мемлекет осы түбірлі өзгерістердің басшысы және қозғаушы күші болып табылады. Мемлекеттің нарықтық реформаларды жүргізудегі ролі

туралы мәселе оның осы реформалар тұсында қандай әлеуметтік күштерге сүйенетіндігімен байланысты. Реформалау үрдістеріне көптеген факторлар әсер етеді. Соның ішінде, бақылаудан тысқары жататын сыртқы жағдайлар да кіреді. Олар ең мықты жоспарланған саясатты да аздық-көпті дәрежеде өзгеріске түсіріп жібере алады. Дегенмен, тиімді әрі жетілдірілген басқару жүйесі – алға қойған мақсатқа жетудің бірден-бір кілті. Сонымен бірге, осы саясатты жүргізу кезінде қандай да болмасын қиындықтар мен өткір проблемаларға кездесіп, ауыр кедергілерге ұшыраса да, мемлекет ең алдымен, қоғам алдында реформалаудың түпкі де нәтижелі мақсаттарына қол жеткізу жолында табандылық пен батылдық көрсете алуы тиіс. Дағдарысты жағдайдан шығудың жолы, негізінен, мемлекеттің және нақты экономикалық ведомстволардың реформалар барысын реттеудегі ролін айқын белгілеуімен тығыз байланысты.

«Экономикалық реформа – бірыңғай иедология мен тұжырымдамаға негізделген қоғамдағы дағдарысты құбылыстарды жоюға және оның қазіргі тіршілік-қабілетін түбірімен өзгертуге бағытталған шарауашылық шаралары мен заң шараларының жиынтығы» [Сәбден, 1998. 21].

Әлеуметтік-экономикалық реформаның мақсаты – елді ғылыми-техникалық прогресс және ғылыми-техникалық революция жетістіктерін пайдалану негізіндегі тиімді шаруашылық жүргізу жүйесі бар, экономикада қолайлы нарық жүйесі мен әріптестікке ие, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығымен ерекшеленетін дамыған қоғамға айналдыру. Жағымсыз құбылыстардың орын алғандығына қарамастан қол жеткізген нәтижелері әр түрлі бола тұра қазіргі дамыған елдер қомақты да нәтижелі әлеуметтік-экономикалық жетістіктерге жетіп отыр. Өз қазына-байлықтарын ұлғайтумен қатар бұл елдер көпшілік бұқара халықтың да әл-ауқатының жоғары және сапалы болуын қамтамасыз етіп отыр.

«Енді тұрмыс жағдайы мен адамдардың қызметінің ұдайы жақсаруын қамтамасыз ететін жоғары дамыған экономиканы құру үшін шаруашылықты жүргізудің нарықтық жүйесіне өту қажеттігіне ешкімнің күмәні жоқ деуге болады, – деп атап көрсеткен еді кезінде Елбасы Н.Назарбаев, Алайда, ол іс жүзіндегі нақты шарттар мен дұрыс ойластырылған шешімдерді талап етеді» [Назарбаев, 2000. 11].

Сонымен бірге, нарықтық қатынастарға негізделген экономикалық жүйеге өту Қазақстан және ТМД-ның басқа елдерінің экономикасын

әлемдік шаруашылықпен байланыстыруға, мемлекет азаматтарының әлемдік өркениеттің барлық жетістіктеріне қол жеткізуіне, соның ішінде кәсіпкерлік қызметпен заңды түрде айналысуына жол ашады.

Елімізде әлеуметтік-экономикалық реформа жүргізу мақсаттарының бірі – ұлттық өндірістің жоғары нәтижелілігін, халықтың әл-ауқатының ұдайы артып отыруын және әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ете алатын ұтымды да тәуелсіз экономика құру болды. Алайда, реформаларды жүргізу барысында нақты мақсаттар қойылғанымен, оны орындауды іске асыру барысында едәуір кемшіліктер жіберілгені де белгілі.

Ең алдымен, бұл «реформалар адам үшін ғана, адам өзін еркін де қауіпсіз сезініп және өз қабілеттерін дамытып, іске асыра алатындай орта жасау үшін жүргізілуі қажет. Адамның жан-жақты үйлесімді дамуы туралы тезис өз уақытында маркстік теорияның негізін қалаушы тезистердің бірі болды. Бірақ, іс жүзінде ол кейіпсізденіп, люмпендік психология мен қажеттіліктердің талабын орындап, қанағаттандыратын деңгейге дейін құлдырап кетті» [Тасмағамбетов, 1995. 4].

Ел өмірінің қазіргі кезеңі бір жағынан, қоғамды шаруашылық тұрғыдан ұйымдастырудың мүлдем өзге, жаңа формаларына көшумен, екіншіден, осы кезеңге лайық адамдық нормалар мен құндылықтарды, нарықтық экономикадағы адамның ролін, тұлғаның әлеуметтік тиін қалыптастыруға Экономикалық реформа халықтың еңбек, кәсіпкерлік түрлерін таңдау еркіндігіне ие болуына мүмкіндік берді. Әлеуметтік-экономикалық реформалар нәтижесінде халық өзін күнделікті сұраныс тауарларымен жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етіп, тұрмыс-тіршілік деңгейін жақсартуға айқын бет алды. «Нарықтық қатынастарды қалыптастыру мәселелері Қазақстан дамуының стратегиялық мақсаттарында және әлеуметтік-экономикалық тұжырымдама үлгісінде нақты көрініс тапты. Қоғамдық өмірдің шешуші саласы болып табылатын экономикадағы стратегия мен тактиканың мәні – құрылымдық және технологиялық артта қалушылықты жеңе отырып, нарық жүйесіне өту үдерісін тоқтаусыз жалғастыра беруде» [Назарбаев, 1994. 45].

Қазіргі таңдағы Қазақстан мемлекетіндегі реформалар елдің күш-қуатын тұрақтандыруға және нығайтуға бағытталып отыр. Елдегі демократиялық тәртіп, нарықтық экономика адамның жеке қабілеттерін ашып, өз мүмкіндіктерін жү-

зеге асыруына үлкен ықпалын тигізіп келеді. Кәсіпкерлік рух еркін дамып, өз кезегінде, ол табысқа қол жеткізе бастағандарды одан да биік, жаңа көкжиектерге жетелеуде.

Еліміз әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыру нәтижесінде әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономика қалыптастырды. Оның басты элементтері мыналар: әртүрлі меншік түрлерінің пайда болуы мен дамуы және олардың өзара әрекеті; елдің әлеуметтік-экономикалық өміріндегі толыққанды бәсеке, адамдардың экономикалық тұрғыдан өзін-өзі анықтауы, кәсіпкерлікпен айналысу үшін қажетті заңдық негіздердің қалануы; ғылым, білім, мәдениет, денсаулық сақтау жүйесіне, еңбек етуге қабілеті шектеулі жандарға мемлекеттік қолдау көрсету; жұмыссыздарға әлеуметтік кепілденген жәрдемақы беру; Қазақстанның табиғи ресурстары негізінде әлемдік нарыққа ену, отандық технология мен техниканы кеңінен дамыту [Искалиев, 2000.19].

Ел тәуелсіздігін алғаннан кейін Қазақстанда жүргізілген әлеуметтік-экономикалық, саяси және құқықтық реформалар кәсіпкерліктің дамуына кең жол ашты және оның маңызды әлеуметтік-тарихи алғышартына айналды. Кәсіпкерліктің әлеуметтік-экономикалық маңызы – нарықтық экономиканың икемділік қабілетін арттыруға, халықтың қаржы және өндіріс ресурстарын экономикаға тартуға ықпал етеді, монополияға қарсы күш ретінде қолданылып, ғылыми-техникалық прогрестің бірнеше басты бағыты бойынша қажетті алғышарттарды тұтынуға барынша негіз бола алады, халықтың жұмыспен қамтылуы және нарықтық шаруашылықтың өзге де әлеуметтік мәселелерін шеше алады.

Реформалар барысында республикада нарықтық экономиканың негізі қаланып, оның негізгі тетіктері іске қосылды, сонымен бірге, өндірістің құлдырауына, бүтіндей бір салалар мен өндірістің жойылып кетуіне, импорттың отандық нарықта үстемдік етуіне, ұлттық экономиканың бір жақты шикізаттық-экспорттық

бағыттылығы мен оның әлеуметтік зардаптарына қарамастан еліміз жеткілікті дәрежедегі күш-қуатқа ие болды: нарықтық экономиканың инфрақұрылымы қалыптасты, ұлттық валюта енгізілді, кәсіпкерлер тобы пайда болды және әлеуметтік топ ретіндегі кәсіпкерлердің қатары барған сайын молайып келеді.

Қорытынды

US News & World Report басылымының мәліметтері бойынша 2021 жылы Қазақстан кәсіпкерлікті дамыту үшін ең қолайлы елдердің рейтингісінде 78 елдің ішінде небәрі 75-орынды иемденген. Аталған көрсеткіш бойынша ТМД елдерінің ішінде Қазақстаннан жоғары тұрғандар: Ресей 22-орында, Украина 51-орында, Беларусь 57-орында, Әзірбайжан 71-орында тұрған көрінеді. Республикадағы кәсіпкерліктің даму деңгейін бағалау 100 баллдан 0, 9 баллды ғана құраған [<https://kapital.kz/business>]. Бұл деректер елдегі кәсіпкерлікті дамытуға айрықша назар аудару керектігін, бұл бағытта әлі де болса үлкен жұмыстар жасалу керектігін көрсетіп отыр. Кейінгі кездері орын алған коронавирус пандемиясы, карантин шаралары ел экономикасын біраз тығырыққа тіреді. Соның ішінде, халықтың жұмыспен қамтылуы, табысы мәселесі негізгі басымдыққа ие болып отыр. Бұл экономикалық дағдарыстан орасан зор әлеуметтік функцияларды атқарып отырған кәсіпкерлік саласы, оның ішінде, шағын және орта бизнес зардап шегуде. Шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі ІЖӨ-нің 30,8 %-ын құрап, 3,3 млн. адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. Сондықтан, бұл саланы қолдау дағдарысқа қарсы шаралардың негізгі бағыттарының бірі болып қала береді [<http://ranking.kz/ru/a/reviews/maloe-i-srednee-predprinimatelstvo-v-rk-2020>]. Кәсіпкерлік – қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының қозғаушы күші. Оның жаңашылдығы мен екебексүйгіштігі әлеуметтік және экономикалық салаларда жағымды өзгерістердің болуына мүмкіндік жасайды.

Әдебиеттер

- <http://ranking.kz/ru/a/reviews/maloe-i-srednee-predprinimatelstvo-v-rk-2020>.
<https://kapital.kz/business/96349/v-reytinge-luchshikh-stran-dlya-predprinimatelstva-kazakhstan-na-75-m-meste.html>. 2021г.
 Искалиев М.Д. Қазақстан нарық кеңістігінде. Алматы, 2000. – 109 б.
 Казахстанская правда. 1996.- 18 январь.
 Назарбаев Н.А. Рынок и социально-экономическое развитие. М., 1994.

Назарбаев Н.А. Стратегия трансформации общества и возрождения Евразийской цивилизации. М.: Экономика, 2000. – 543 с.

Оценка тенденций социально-экономических реформ в Казахстане. Алматы, 1993.- С.3

Сәбден О. Аймақтардағы экономикалық реформа. // Ақиқат. – 1998. – №5.- 21 б.

Сәбден О. ХХІ ғасырға қандай экономикамен кіреміз. Алматы, Қазақстан, 1997. – 192 б.

Тасмағамбетов И.Н. Социальная ценность реформ. // Саясат. – 1995.- №5.- С.4.

References

<https://kapital.kz/business/96349/v-reytinge-luchshikh-stran-dlya-predprinimatelstva-kazakhstan-na-75-m-meste.html>. 2021 [In Rus]

Isqaliev M.D. Qazaqstan naryq keńistiginde (Kazakhstan in the market space). Almaty, 2000. 109 b. [In Kaz]

Kazhastanskaia pravda. 1996. 18. 01. [In Rus]

Nazarbaev N.A. Rynok i sotsialno-ekonomicheskoe razvitiye (Market and social and economic development). M., 1994. [In Rus]

Nazarbaev N.A. Strategiya transformatsii obestva i vozrajdennia Evraziiskoi tsivilizatsii (Strategy of transformation of society and revival of Eurasian civilization). M.: Ekonomika, 2000. 543 s. [In Rus]

Otsenka tendentsii sotsialno-ekonomicheskikh reform v Kazahstane (Evaluation of trends of social and economic reforms in Kazakhstan). Almaty, 1993. S.3. [In Rus]

Sabden O. Aimaqtardaғы ekonomikalyq reforma (Economic reform in the regions.). // Aqıqat. 1998. №5. 21 b. [In Kaz]

Sabden O. ХХІ ғасырға қандай экономикамен кіреміз (What kind of economy will we enter the 21st century?). Almaty, Qazaqstan, 1997. 192 b. [In Kaz]

Tasmagambetov I.N. Sotsialnaia tsennost reform (Social value of reform). // Saıasat. 1995. №5.S.4. [In Rus]

<http://ranking.kz/ru/a/reviews/maloe-i-srednee-predprinimatelstvo-v-rk-2020> [In Rus]

МАЗМҰНЫ

Этнология. Антропология

<i>Қаратаев О.Қ., Қадыров Д.Т.</i> Қырғыздардың қазіргі Өзбекстан территориясындағы (Әндіжан, Наманган, Ферғана облыстары) қоныстану тарихы және этникалық құрамы	4
<i>Кошымов А.О., Ноғайбаева М.С.</i> Қазақ халқының дүниетанымындағы түс пен сандық символдар	14
<i>Алиева С.А., Шамишева Г.С., Қалқабаева Г.У.</i> Антропоцентрилік мақал-мәтелдердегі түр мен түсті тарихи тұрғыдан талдау	25
<i>Кенжаева Н.</i> XX ғ. 20-шы жылдардағы Памир мен Тәжікстанның таулы аймақтарына ғылыми экспедициялар	32

Жаңа және қазіргі замандағы Қазақстан тарихы New and modern history of Kazakhstan

<i>Оспанова А., Шораев Б.</i> Қазақстанға күштеп қоныс аударған ұлттар тарихы	44
<i>Ляпбаева Н.</i> Қазақстанда кәсіпкерліктің қалыптасуының әлеуметтік-тарихи алғышарттары	55

CONTENTS

Ethnology. Anthropology

<i>Karataev O.K., Kadyrov T.D.</i> History of settlement and ethnic composition of the Kyrgyz on the territory of modern Uzbekistan (Andijan, Namangan, Fergana regions).....	4
<i>Koshymova A.O., Nogaibaeva M.S.</i> Types and Numerical Symbols in the Worldview of the Kazakh People	14
<i>Aliyeva S.A., Shamshieva G.S., Kalkabayeva G.U.</i> Historical analysis of species and color in anthropocentric proverbs.....	25
<i>Kenjaeva N.</i> Scientific expeditions to the Pamirs and mountainous regions of Tajikistan in the 1920 s	32

New and modern history of Kazakhstan

<i>Ospanova A., Shorayev B.</i> Forced deportation of peoples to Kazakhstan	44
<i>Lyapbaeva N.</i> Socio-historical prerequisites of the formation of entrepreneurship in Kazakhstan.....	55